



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар



Халық қалаулылары елмен бірге

Парламенттің қос палатасының депутаттары 3 сессияны қорытындылап, екі айға демалысқа шыққан болатын. Десе де халық қалаулылары каникулды құр өткізбей, өңірлерді аралауды бастап кеткен. Мақсат түсінікті, ауыл-аймақтарға сапар шегіп, тұралаған мәселелерді өз көзімен көріп, тұрғындардың талап-тілегін тыңдау. Айта кетейік, үшінші сессия барысында Парламент палаталарының 3 бірлескен отырысы, Сенат және мәжілістің 39 жалпы отырысы өтті. Қос палатаның 158 заң жобасы болды, оның ішінде 89 заң қабылданған.

4

Брифинг

Алты айда ауқымды жұмыс атқарылған

Биыл I жартыжылдықта ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасып, барлық көрсеткіштер жоғары деңгейде орындалған. Тарқатып айтсақ, өнеркәсіп өнімінің көлемі 139,3 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 222,3 пайызға, инвестициялар тарту 102,1 пайызға, бөлшек сауда 101,2 пайызға, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 102,5 пайызға орындалған. Мұнан бөлек тұрғын үй көлемі 105,3 пайызға, құрылыс жұмыстары 111,5 пайызға орындалған. Биыл бекітілген аудан бюджеті 9,3 млрд теңгеге қалыптасып, жыл көлемінде 10,9 млрд теңгеге нақтыланған. Бірінші жартыжылдықта жоспарланған бюджет 100 пайызға орындалып отыр. Облыс әкімдігі жанындағы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте аудан әкімі Ардақ Ибраимов осылай деді.

— Еліміздің өлеуметтік-экономикалық дамуының басты өзегі өңірлердің өркендеуімен тікелей байланысты. Президент, Үкімет және аймақ басшысының қолдауымен ауданда ауқымды жобалар жүзеге асырылып, тірлікті салаларда серпінді қадам жасалып келеді. Республика, облыс көлемінде болып жатқан оң өзгерістермен бірге халықтың өл-ауқатын арттыруға бағытталған жүйелі жобалардың жүзеге асуымен ауданда бірқатар нәтижелі жұмыс атқарылуда, — деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.



2

Акция



«Таза Қазақстан»: 2 тонна қоқыс шығарылды

«Amanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Таза бейсенбі» акциясы аясында көнттің шығыс бөлігіндегі М.Шаменов көшесінің басында орналасқан «Қисық арық» каналының бойында тазалық жұмыстары жүргізілді. Арна бойындағы қоқыстар жиналып, арам шөптер шабылып, су жолы толықтай ашылды.

Экологиялық акцияға бастаушы партия ұйымдары және 50-ден астам тұрғын атсалысты.

— Бүгін өріптестерімізмен тағылымды іс-шараға қатысудамын. Әрине, тазалық баршамыз үшін маңызды. Соңғы уақытта туған өлкеміз көркейіп келеді. Тіпті ауданда келген қонақтар да Жалағаштың тазалығына қызыға қарап жатады. Иә, жаз мезгілі — су ең қажет шақ. Бұл мезгілде барлық өсімдік пен бау-бақшаға судың дер кезінде жетуі өте маңызды. Сол себепті су арналарының тазалығы — қазіргі күннің өзекті мәселелерінің бірі, — деді партия филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева.

Айта кетейік, тазалық барысында 2 тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Мұндай акциялар алдағы уақытта да жалғасады.

«ЖЖ» ақпарат

Кәсіпкер келбеті

Жадыра Қыстаубаева, аудан тұрғыны:

Бала саулығы бәрінен маңызды

Қазіргі таңда қоғамда баланың мерзімінен бұрын дүниеге келуі, бір жасқа дейінгі балалар да бұлшық ет тонусының бұзылуы, мойынның қисық бітуі, дисплазия, гипоксия сынды сырқаттар белең алуда. Аудандық емханаға барсаңыз, баласын құшақтап әр есікте кезек күтіп жүрген ананы жиі кезіктіресіз. Олардың басым бөлігі — жаңа туған нәрестелері бар аналар. Себебі жаңа туған нәрестелерге де мамандар түрлі диагноз қойып, массаж алу керектігін айтады.

Иә, массаж — баланың бұлшық еттері қатайтып, қан айналымын қалыпқа келтіріп, түрлі аурудың алдын алуға көмектеседі. Сондай-ақ моториканы дамытып, жүйке жүйесіне жақсы әсер қалдырып, оның дұрыс дамуына да мүмкіндік береді.

Мамандар балалар арасында мұндай сырқаттардың көптеп кездесуін анасының жүктілік кезінде дұрыс тамақтанбауы мен күтінбеуіне, экологиямен байланыстырады. Бүгінде ауданда жаңа туған нәрестелерге массаж жасайтын арнайы мамандар бар. Соның бірі — Жадыра Қыстаубаева.

Баламен жұмыс жасауды ұнататын кейіпкеріміз мамандығына медицина саласында оқып жүрген сәттен бері қызыққан. Бір жағынан өз баласы дисплазия диагнозымен ауырып, сол диагнозды толық әрі терең білу үшін осы саланы үйренуге бел бұған.

Қазіргі таңда ол үйінің бір бөлмесін көрнекті құрал-жабдықпен толтырған. Ол жаз мезгілінде күніне 20-ға жуық балаға аялы алақанмен ем-дом жүргізсе, қыс мезгілінде 10-12 баланың саулығы үшін арнайы бекітілген уақытпен массаж жасайды. Жадыраға келетін ем алушылардың ең кішкентайы 10-15 күндік нәресте болса, үлкені — 8 жаста.

— Бұл салада еңбек етіп жүргеніме 10 жылға жуықтады. Аудандық жедел жәрдем бөлімінде фельдшер болып қызмет ете жүріп, арнайы білікті мамандардан балалар массажына арналған курс оқып, массаж жасай бастадым. Қазіргі таңда тек осы жұмыспен ғана айналысамын. Себебі маған тұрақты келушілер көп. Аналар маған гипоксия, жауырын жабысу, майтабан, дисплазия, қисық мойын, кіндік прижасы бойынша балаларына массаж алуға келеді, — дейді ол.

Дисплазия — жамбас сүйек ұршығының дұрыс дамымай қалуы. Ал оны емдеу шарасына массаж және физиотерапия (парафин, электрофарез) емдік жаттығуы жатады.

Шыны керек, бұл дерт маған да таныс. Осыдан 3 жыл бұрын менің де қызыма дәрігерлер «дисплазия» деген диагноз қойған. Сол кезде жақындарымның айтуымен менде бүгінгі кейіпкерім Жадыраның көмегіне жүгініп, қызыма уақытылы ем-дом жасап, дисплазиядан толық емдем берген болатын.

Дисплазияны дер кезінде емдемесе, соңы баланың өмір бойы зардап шегуіне әкеліп соғатынын ескерген жөн. Ал гипоксия ауруы балаға оттегі жетіспеушілік салдырынан болады. Қазіргі таңда дұрыс тамақтанбай, өзінің денсаулығымен қатар баласының саулығына да бейжай қарайтын аналар жоқ емес. Бұл сөзімізді кейіпкеріміз де растайды.

Ол аналардың басым бөлігі массажға атүсті қарайтын жасырмады. Сондай-ақ жас аналар жүктілікті жоспарлап, қаназдық ауруының алдын алса, бала да ешқандай ауру болмайтынын айтады. Расында ананың дені сау болса, бала да сау болмақ. Сондықтан жүкті кезінде аналар уақытылы дәрігердің қабылдауына барып, бала саулығы үшін күрескені жөн.

Кейіпкеріміздің айтуынша, негізі массажды дені сау балаға, оны шынықтырып, ерте дамыту, нық әрі тез жүріп кету мақсатында жасайды. Алайда кейбір аналар баласының жаны ауырып, дәрігерлер қандайда бір диагноз қойғанда ғана қажетті маманның көмегіне жүгінетінін айтады. Сондай-ақ ол жүкті кезден-ақ босанбай тұрып, баласының денесі шымыр болуы үшін жазылысы келетін аналардың



барын да жасырмады. Қазіргі қоғамда «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы ұстанған жөн.

— Баламның шымыр әрі дені сау болуы үшін Жадырадан массаж аламыз. Балам туған күннен қырқынан шыққанша өте мазасыз, жылауық болды. Бірде Жадыра туралы көршілерімнен естіп, баламды алып келдім. Содан бері тұрақты ем алдық. Массаждың арқасында балам өз қатарластарынан ерте еңбектеп, тіпті ерте тей-

тәй басты. Кейде салқын тиіп, жөтеліп тұрған кезде қақырық түсіру үшін арнайы Жадыраға келіп, дренажды массаж аламыз, — дейді жас ана Жазира Еспенбетова.

Кейіпкеріміз алғашқы мамандығы бойынша жұмыс жасағысы келетінін жасырмады. Алайда әр баланың дені сау болып, жүгіріп кетуі үшін білімін жетілдіріп, кәсібінің көкжиегін кеңейтпек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Алты айда ауқымды жұмыс атқарылған



Салада серпін бар

Ауданда соңғы жылдары шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда қолға алынған жобалар жемісін беруде. Мәселен, 6 айда ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 2786-ға жетті. Оның 2 680-і, яғни 96 пайызы нақты жұмыс жасап тұр.

Қаржы институттары арқылы кәсіпкерлер ұсынған 127 жоба 2,4 млрд теңгеге қаржыландырылған. Бұл салада қалыптасқан серпін бір жағынан өңірдегі жұмыссыздық мәселесін тұсауға да айтарлықтай қолғабыс болып отыр. Мәселен, жаңағы жүзден астам жобаны қаржыландыру арқылы 135 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туды.

Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыруға қатысты тапсырмасына сәйкес «Ауыл Аманаты» жобасы іске асырылуда. Биыл ауданда аталған жоба аясында 109,4 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржылай қолдау тауып, 24 жұмыс орны құрылды. Тарқатып айтсақ, өңдеу бағыты бойынша 13 жоба 58,9 млн теңге қаржылай қолдау тапқан. Мұнан бөлек асылтұқымды мал ұстауға негізделген 5 жобаға 29 млн теңге берілген. Бал арасымен айналысуды көздеген тағы бір тұрғынның жарқын жобасы 4 млн теңге қаржылай қолдау тауып отыр. Кәсіптің басқа да түрлері бойынша 3 жоба 17,5 млн теңгеге қаржыландырылған.



Ауданда өндірістік жобаларға да басымдық берілуде. Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға құны 2,2 млрд теңгені құрайтын 6 жоба енген. Олардың қатарында «Ер Әлі» шаруа қожалығының «Құріш ақтау және жем өндіру» зауыты мен «Бейбарыс» жеке кәсіпкерінің «Кондитерлік өнімдер шығару» цехы іске қосылды. Жоба құны 250 млн теңгені құрайды. Кәсіпорындарды іске қосудың арқасында 7 жұмыс орны ашылған. Сонымен қатар балалар ойын-сауық орталығы, арнайы киімдер дайындау, мақсарыдан май, жүгеріден ұн, күріштен лапша өнімдерін шығаратын цех сияқты 4 жобаның құны 2 млрд теңгені құрайды. Бұл кәсіпорындар жыл аяғына дейін іске қосылмақ. Нәтижесінде 40 жаңа жұмыс орны ашылады.

37149 гектарға егін егілген

Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі саласының бірі. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы саласы толық суармалы егішшілікке, оның ішінде күріш егісіне бейімделген. Қазіргі таңда ау-

дандағы 338 шаруашылықтың 202-сі егінмен және 136-сы мал шаруашылығымен айналысады.

Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес 37 149 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде негізгі дақыл күріштің көлемі 19 764 гектарды құрайды.

Жалағашта аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес егіс алқабын әртараптандыру жұмыстары жалғасуда. Нәтижесінде суды аз қажет ететін дақылдар өткен жылмен салыстырғанда 167 гектарға ұлғайған. Шаруашылықтар тарапынан биыл 200 млн теңгеге 14 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Егін шаруашылығымен қатар ауданда мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Бүгінде ауданда 34 385 ірі қара, 29 520 уақ мал, 32 184 жылқы, 752 түйе, 9 721 құс өсірілуде. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, сиыр 110,9, жылқы 96,7, түйе 89,1 уақ мал 90,4 және құс 88,5 пайызға артқан.

Жалағашта пайдаланылмай жатқан және ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланылған 8 753 гектарды құрайтын 15 жер учаскесі мемлекет қорына қайтарылған. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайта айналымға енгізу мақсатында жалпы көлемі 1 803 гектарды құрайтын 7 жер учаскесі заңды тұлғаға табыс етілген. Ал тұрғындар тарапынан картоп, бақша дақылдарын орналастыруға шаруа-

Биыл Жалағаш кентінде де жол құрылысы қарқын алды. Мәселен, аудан орталығындағы 11 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарына бюджеттен 715,2 млн теңге қаралған.

Мерәлі Шәменов ауылындағы Жамбыл және Ердүзелова көшелерінің күрделі жөндеу жұмыстарына қазынадан 69 млн теңге бөлінген. Жоба құны 518,3 млн теңгені құрайтын Қаракеткен және Далдабай ауылдарындағы 16 көше де күрделі жөндеуден өтеді. Биыл бұл жұмыстарды бастау үшін 165,3 млн теңге қаралған. Мұнан бөлек жалпы құны 486,5 млн теңгені құрайтын шалғайдағы Аққыр елді мекеніндегі Ы.Ақмырзаев, Ш.Есов, М.Ахметов, Аққыр, Н.Төспенев көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын бастау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге қаралды. Бүгінде бөлінген қаржы шегінде 2 көшеге асфальт төселіп, жол жиегіне құмаралас тас төсеу жұмыстары жүргізілуде.

3,4 млрд теңгеге 13 жоба әзірленген

Ардақ Ибраимов ауданның жол саласы бойынша барлығы 3,4 млрд теңгені құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолданғанын айтады. Алдағы уақытта бюджеттің мүмкіндігіне қарай бұл жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асатынын жасырмады.

және қоғам қайраткері Т.Жүргенов атындағы ауылда 8 көше күрделі жөндеуден өтеді. Бұл жұмыстарға 677,9 млн теңге қажет.

«Жаңақоныс-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау жұмыстарына да арнайы жоба дайындалған. Жобаның жалпы құны – 287,6 млн теңге. Ал «Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жаңаталап-Аққыр» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Қорқытбай» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін қайта жаңарту» жобасына 77 млн теңге қажет. «Самара-Шымкент-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту» жобасы 350,6 млн теңгені құрайды. Бұл жобалар қаржылай қолдау тапса, келер жылы да Жалағашта жол құрылысы қарқын алмақ.

Елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша нақты нәтижеге жұмыс жасалуда. Бүгінде аудан халқы 100 пайыз орталықтан-дырылған ауыз сумен қамтылған. Биыл Есет батыр елді мекенінде жоба құны 388 млн теңгені құрайтын ауызсу жүйесін қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Оған 38 млн теңге қаралды. Аудан бойынша электр желілерінің жалпы ұзындығы – 457,5 шақырым, электр жүйелерінің орташа тозу деңгейі 32,5 пайызды құрайды.

2024-2025 оқу жылында 20 мектепте 6603 оқушы білім алды. Оның ішінде 11 сыныпты 450 түлек аяқтады. «Алтын белгіні» 16 бітіруші, «Үздік аттестатты» 48 бітіруші иеленді.

Білім беру ұйымдарын жаңа оқу жылына дайындау мақсатында 292 млн теңге бөлініп, мектептерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 3 мектеп жанынан жаңа спорт алаңы салынып, 2 мектептің спорт алаңы күрделі жөндеуден өтті. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық білім беру ұйымы 100 пайыз бейнебақылау камерасымен қамтылып, полиция бөлімімен интеграция жасалған.

Жалағашта денсаулық сақтау саласында да оң өзгеріс бар. Соңғы үлгідегі жаңа аурухана, жаңа типтегі емхана аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде. Ел қазынасынан қаралған 388 млн теңгеге Қаракеткен ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория ғимараты салынып, ел игілігіне берілді. Жаңа нысан науқастарға сапалы, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін заманауи құрал-жабдықтармен жарақталған.

Ауданда мәдениет саласында да ауқымды жобалар іске асырылуда. Ауданымыз үшін ең ауқымды жобалардың бірі, аймақ басшысының қолдауымен жалпы құны 1,6 млрд

млн теңге. Құрылыс жұмыстары жақында басталып, жыл соңына дейін аяқталады, – деді аудан әкімі.

Ардақ Ибраимов экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстар нәтижелі жүзеге асып жатқанын айтады. Президенттің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына 17 580 аудан тұрғыны белсенді қатысуда. Акция барысында кент және ауылдық округтерде 17 су жүретін канал тазартылып, 43 әлеуметтік нысанға, 7 тарихи-мәдени ескерткіш аумағына, 21 аллея мен саябаққа көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілген. Санитарлық-тазалық жұмыстарына 27 техника тартылып, 2,6 мың тонна құл-қоқыс арнайы белгіленген орындарға шығарылған. Бүгінде науқанға барынша үлес қосу және туған елге көркейту-көгалдандыру мақсатында зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, Қазақстан Халық ассамблеясының мүшелері, еріктілер, тұрғындар мен жастар жоспарланған әрбір шараға белсенді қатысуда. Ал «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы бюджеттен 155 млн теңге қаралып, Жалағаш кенті мен 14 елді мекенде абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілуде.



Жалағаш, Еңбек, Мерәлі Шәменов елді мекендерінің электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге демеушілер есебінен жоба сметалық құжат дайындалып, бюджеттен қаржыландыруға ұсынылды, – деді аудан әкімі. Бүгінде аудан халқының 50 пайызы көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Елді мекендерді табиғи газға қосуды жалғастыру мақсатында Қаракеткен және Далдабай елді мекендерін газдандыруға 1,2 млрд теңгеге мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп, жеңілпаз мекеме анықталды.

Қазіргі уақытта қаржы бөлу жұмыстары жүргізілуде. Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыруға демеушілер есебінен жоба сметалық құжаттар әзірленіп, салалық министрлікке бюджеттік өтінім ұсынылды. Жоба құны – 1,3 млрд теңге.

Брифингте Ардақ Әбдіғаппарұлы әлеуметтік салада оң серпін барын айтады. Халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу бөрінен маңызды. Бұл бағытта айқын және нақты жоспар бойынша оң нәтижелерге қол жеткізуге жұмыс жасалуда. Мәселен, биыл жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрады. Жастар арасында жұмыссыздық деңгейі – 4,4 пайыз.

Ұлттық жоба аясында 16 жоба арқылы 175 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда 7 жоба бойынша 103 адам жұмыспен қамтылған. Ауданда әлеуметтік жағынан осал отбасылардың мүшелеріне қайырымдылық шаралары үнемі жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері тұрғындарға 60 млн теңгеге жуық қаражатқа қайырымдылық шаралары ұйымдастырылған.

Ауданда жыл сайын үздіксіз серпін қалыптасқан саланың бірі – білім.

теңгені құрайтын «Руханият» орталығының құрылысы аяқталып, биыл пайдалануға берілді. «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы аясында түрлі форматтағы 747 іс-шара өткізілді. Оның ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы жоғарыдеңгейде атап өтілді. Сонымен қатар Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» тақырыбымен өткізілген облыстық өнер байқауында өнерпаздарымыз 2 орын иеленді.

Спорт саласындағы жетістіктеріміз де аз емес. Бүгінгі таңда 14 мыңға жуық аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты айналысуда. Бұл жалпы тұрғындардың 40,5 пайызын құрайды. Аудан спортшылары әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда 160 медаль алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Бүгінде 1 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 101 разрядты спортшы, 9 спорт шеберіне үміткер бар. «Ауыл – ел бесісі» жобасы аясында кент орталығында 471 млн теңгені құрайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілді. Сонымен қатар биыл «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінде 175 млн теңгеге дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды. Тамыз айында аталған нысан ел игілігіне беріледі. Қазақстан футбол федерациясымен еріпестік байланыс орнатылып, екіжақты меморандумға қол қойылды. Осы орайда орталық стадионның жасанды жасыл алаңы УЕФА-ның «Алап» жобасы негізінде қайта жаңғыртылмақ. Жүзеге асатын жобаның жалпы құны – 180

Айта кетейік, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға белсене араласып жүрген демеушілер көмегімен жалпы құны 261 млн теңгені құрайтын жобалар жүзеге асуда. Тарқатып айтсақ, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында Таңда Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған ескерткішке қайта жаңғырту, Аламекектегі ескерткішке күрделі көлемде атап өтіледі. Жалпы ауданда қолға алынған жобалар мен жұмыстардың барлығы жоспар бойынша іске асып келеді. Алдағы уақытта да алдымызға қойылған міндеттерді орындауда қарқынды жұмыс жалғасады, – деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.

Брифинг соңында аудан әкімі журналистердің бұқарта сауалын жауапсыз қалдырмады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте



Ұлы Жеңіске – 80 жыл

Ел үшін жаралған ер

Бағыма орай өмірімде екі рет Баукеңмен кездесіп, сөйлесу бақытына ие болдым. Бұл кездесу жөнінде бұдан бұрын өз повесімде тарқатып, «Менің өмірімдегі Бауыржан Момышұлы» кітабында айтқан болатынмын. Менің Баукеңмен кездесуім қалыптан тыс, сирек кездесетін тұлға одан сайын терең үңілуге жетеледі.

Қаһарманмен кездесу

Алғашқы кездесуім 1975 жылдың қаңтар айында болды. Орта Азия Әскери округі мен Қазақстан Жазушылар одағы Ұлы Отан соғысының 30 жылдығына арналған конференция өткізді. Конференцияға майдангерлер де шақырылған. Ардагерлердің ішіндегі бірегей тұлға – Бауыржан Момышұлы. Батырды алғаш көруім. Менің офицер мамандығын таңдауымда батыр болмысы аса маңызды рөл атқарып еді. Конференция жұмысына өзім қызмет атқарып жүрген әскери училищенің офицерлері мен курсанттары да қатысты. Осы жылдары әскери училищенің Тактика кафедрасының бастығы қызметінде едім. Училищеден конференция делегациясына жетекшілік жасау маған тапсырылған болатын.

Сағат 10.00-де конференцияны Бауыржан Момышұлының майдангер досы, жазушы Дмитрий Федорович Снегин ашты. Мінебе баяндама жасауға Орта Азия Әскери округі саяси бөлімі басқармасының бастығы, генерал-майор М.Д.Попков шықты. Көп уақыт өтпей залға жартылай әскери киімді, оң қолында таяғы бар адам кірді. Кірген бойдан алдыңғы қатарға жайғасуға ыңғайлана бергені сол еді, төралқада отырған Д.Ф.Снегин бас изеп, қолымен ымдап, төралқалық орынға жайғасуын сұрады. Осы кезде зал іші күбірлеген дауыс пен қозғалысқа толып кетті. Бір кезде төралқадағы Д.Ф.Снегиннің жанына жайғасқан адам орнынан жайлап тұрып, оң қолын алдыңғы жаққа созып, өмірлі дауыспен «Токта, генерал! Сіз жақсы оқып тұрсыз! Баяндамаңыз маңызды, бірақ сізді тыңдамай отыр», деп қолын түсіріп, сәл іркілді. Генерал сасқанынан көзділдірігін алып, не болғанын білмей сәтсіз тоқтатты. Осыған дейін генералдың сөзін бұлайша ешкім бөлмегені байқалды. Генерал бір сөз айтпай, залға қарады.

Осы кезде: – Мен – Бауыржан Момышұлы, – деді қатты дауыспен, әрі қарай жайлап: – Мені көбі білмейді, сондықтан «шал көшікті, онысымен тұрмай төралқадан орын алды» деп, өзді-өзі сыбырласып жатыр. Мені шақырды, – дей келе, Д.Ф.Снегиннің иығын ұстап сөзін доғарды.

Зал көп уақыт бойы қол шапалақтауын тоқтатады. Осы кезде генерал мінбегей орнынан түсіп, Баукеңе таяп келіп, батырды құшағына алды. Біз бөріміз орнымыздан тұрдық. Қол шапалақтау одан сайын ұзаққа созылып, зал кезек-кезек көтермелеу лбездеріне толды. Біреулері орысша, енді біреулері қазақша айқайлап жатты. Зал гүлдеп кетті. Тыңдаушылар орындарынан тұрып, «Ба-уыр-жан!», «Бау-ке!» деп дауыспен лебіз білдірді. Менің жүрегім аса бір ерекше екпінмен лүпіл қақты. Себебі алғаш рет тағдырыма әсер еткен, өзіме үлгі етер адамымды бірінші рет көріп, дауысын естідім.

Генерал мінбеге қарай жүргенімен, зал іші әлі алақан соғуын тоқтатады. Баукең ел ықыласын бағалап орнынан тұрып, тағы да оң қолын алға созды. Зал бірден тынды. Ерекше сезіммен, қаттырақ дауыспен«Рахмет! Спасибо! Енді отыруларыңызды сұраймын, ал генерал, сіз баяндамаңызды жалғастырыңыз». Әрі қарай мен баяндаманы үзіп-үзіп тыңдадым. Баяндама мазмұны бүгінгі кезеңмен және Мәскеу қорғанысындағы панфиловшы-батырлардың ерліктерімен сабақтастыққа ұласты.

Баяндама аяқталған соң, үзіліс жарияланды. Сол кезде қасымызға Баукең келіп: «Әй, халдерің қалай, қырандар?» деді. Менің кигілімдегі Фрунзе атындағы академияның белгісіне қарап: «Жарайсың!» деді. Аузымнан: «Сіз маған академияға түсуіме көмектестіңіз», деген сөздің қалай шығып кеткенін өзім де аңдамай қалдым. Ол кісі маған таурақандай қарады да, бұрылып жүре берді.

Үзілістен соң Д.Ф.Снегин сөзді Бауыржан Момышұлына берді. Зал іші қайта орнынан дүр көтеріліп, қошемет жасады. Баукең асыптанасан мінбенің қасына келіп, оң қолымен мінбенің бұрышын ұстады, сол қолымен тынышталыңыздар деп белгі берді. Біз орнымызға отырдық.

Баукең мінбе жанында тұрып байсалды үнімен әр сөзді анықтап, сөзін бастады. «Қазақ және орыс тілдерінде сөйлеймін, жазамын. Бүгін орыс тілінде сөйлейміз». Біраз тоқталып, сөз тиегін ағытты: – Ұлы философ айтқандай, қозғалыс – өмір. Мен жетінші онжылдықта аяқ бастым, сонда да жаяу жүргенді қалаймын. Бүгін маған таудағы дем алып жатқан жеріме машина жіберіпті, бірақ мен оған отырмадым. Сіздерге кездесуге келу үшін жеті шақырымға жуық жол жүрдім, бірақ кішкене есебім шықпай қалып, азырақ уақытқа көшіктім. Көшіріңіздер. Бірақ мен өзімді сонда да жеңіл сезініп тұрмын. Жасарғандаймын». Жұрт тағы да сөзін бөліп, қол шапалақтады.

Азырақ үзілістен соң Баукең: «Генерал мазмұнды баяндама жасады, оны қайта зерделеп, анықсылай ой керу керек. Мен сіздердің көңілдеріңізді

әскери мәселенің екі түріне аударғым келеді». Тағы сәл үзіліс жасап, сөзін әрі қарай жалғады: «Сонымен, бірінші. Қозғалыс – шынымен де тіршіліктің негізі. Ал әскери істе «қозғалыс» ұғымы мынадай категорияларды құрайды, ол әскердің маневрлілігі мен ұтқырлығы. Егер соғыс алқабында кімде-кім қимылдап, жағдайды ескере отырып, жылжыса ғана қажетті маневрлікке қол жеткізеді. Әрине, мақсатқа жету оңай емес, себебі басқадай түрлі шарттар мен факторлардың әсері болуы да мүмкін. Әскердің іскер маневрлілігі ол шайқастаң, ұрыс пен түрлі операциялардың жеңісіне бастайтын бірден-бір алғышарты».

Баукең залды түгеней, көзімен асықпай бір шолып алып: «Соғыстың бастапқы жылдарында біздің әскерлер айтарлықтай шығындарға ұшырады, – деп оң қолының сұқ саусағын көтеріп, төралқада отырғандарға қарап алып, одан соң бізге қарап: «Ол алдымен біздің қолбасшылығымыздың, жалпы әскердің маневрлілігі мен қозғалысына салғырт қарағандығынан. Техниканың болмағандығы, біздің қозғалу ырқымызды тежеді. Сондықтан жау кейде бізді қуып жетіп, енді бірде алға озып, біздің бөлімшелер мен құрамаларымызды қоршауға да алып отырды». Тіркесті айтып боларда Баукеңнің даусы ақырын шықты. Сол қырық бірінші жылдың қары күніндегі күндер мен түндердегі өз батальонының басынан кешкен қиын-қыстау кездерді, мәнінше, бір сәт санасында жанғыртып, еске алғандай болды.

Қайта қуш алып сөйлеуіне секундтар ғана қажет болғандай. Дегенмен де лезде байсалдылығы көрініс тапты. Әрі жалғастырды: «Әрине, сіздердің барлықтарыңызға белгілі үкіметіміз бен жоғарғы қолбасшылықтың, халқымыздың ерен еңбегінің арқасында біз 1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың бас жағында мықты техникаларға қол жеткіздік. Олар: танкілер, сауытты машиналар, өздігінен жүретін техникалар мен автомобилдер. Осы техникалардың келуімен атыс күштері өсті. Әрине, роталардан бастап майданның әскери құрамаларының барлық шегінде маневрлік мүмкіндіктер туды. Механикаландырылған техникалар мен танк бригадаларының қозғалысы дивизияның жалпы қозғалысына, одан соң армия корпусының жылжуы, жауды оң не сол қапталдан қоршап не басып озып, тұтастай алғанда шабуылдың ілгерілей басуы белең ала бастады. Осының бәрін тәптіштеп айтуға уақыт тығыз. Ол – жеке лекция. Ал қазір, міне, жүргіш техникасыз, бір сөзбен айтқанда күшті қарусыз бірде-бір әскери бөлім, әскери құрама, тіпті бөлімше жоқ екен. Бұл жақсы, мықты!» Баукең тағы бір сәл тыныс алып, қайта сөзін жалғады. Сұқ саусағын қайта көтеріп:

«Бірақтехникажүруүшінматериалды жақсы білу керек, оны әйелді күткендім күту керек (залда қызу қозғалыс байқалды). Техниканың пайдасын одан сайын арттыру үшін ұрыстың қабілеті мен маневрлілігін білікті түрде қолдана білу керек. Бір сөзбен айтқанда, ұрыс техникасының шайқастағы тіімділігін максималды түрде қолданып, оны әрбір жауынгер, оның ішінде, әсіресе, командир жатпай-тұрмай, күн демей, түн демей шеберлікпен игеріп жүргізе білуі керек. Курсанттар, сіздерге айтам – білімді әскери жоғары оқу орнында, ал дағдыны қызметте аласыздар, одан әрі техникаға деген қызығушылықты арттыру үшін әр жауынгерді, командирді тәрбиелеу керек. Бұның барлығы орындауға болады. Мен сіздерге қарап отырып ойланып, өзімнің жастыңымды есіме алдым», деді Баукең сәл жымиып. – Сіздерге қызыға қарап отырып айтатыным, мен сіздердің жастарыңызда мынадай көлемді болған жоқпын. Расында, қазіргі ұрыс машиналарының жұп көтергіштілігі мықты. Бәрі осындай деп тағы да күпірлік көлтірмеу керек. Жан-жақты дайындықта жауынгерге ұрыс машинасының лүгіін ашып, кіріп-шығу оңай емес. Ал ұрыста осыны секундының бір бөлшегінде игеру керек. Жас достар, осыны ойлау керек...» деп өткір көздерін біздің жақта отырған қызметтестеріме бағыттады. Мен жан-жағыма көз салып едім, залда отырғандардың көпшілігі ыңғайсызданып, қозалақтап қалғандай болды. Баукең жеңіл жымиып, сөзін әрі қарай жалғады: «Сіздерге жас достарым, бір жақсы кеңес бергім келеді, артық салмақтан құтылудың жақсы дәрісі – қозғалыс! Жүр, жүгір, сонда бәрі ойдағыдай болады! Маған, көрі солдатқа сеніңіздер», деп ойын аяқтады.

Бізге Баукең сөзін тиянақты тыңдау, шын мәнінде, оиды мазмұнды етудің нағыз әдістемелік шеберлік сабағы болды. «Қозғалыс» сөзінің мәнін күнделікті тіршіліктегі қарапайым мағынасынан бастап, ұрыс жағдайындағы семантикасын тегітіп, таразылап, нақтылап, аз сөзбен алдымызға жайып салуы – батыр ойының тереңдігі әрі таным бірлігінде биік екенін танытты. Осыдан кейін Баукең басын төрезеге бұрып, шамалы уақыт үнсіз қалды. Жүзі өзгеріп, қатпаланды. Тағы бір жаңа



ойды бастағысы келгендей. Осы кезде Баукең мінбеге келіп, микрофона еңкейе сөзін жалғады: «Әрбір жасы келген қазақ жолда немен келе жатса да оның алдынан бір мола кездессе, міндетті түрде тоқтап көңіл аударарды. Егер Құранды білсе, құран бағыштайды, оқиды. Ал егер үлкен зиратқа кезіксе, онда жолаушы жақын келіп, жерден бір уыс топырақ алып, «Жатқан жерің жайлы болсын дейді. Бұл – дәстүр!» деп айтып, ойлансың сөздің байыбына барсын дегендей сәл үзіліс жасады.

Одан соң: «Майдан қолының көптеген шақырымын жүріп өттім. Құлап өлген жауынгерлерді көрдім. Жау шегініп кетерде жаралылар мен қарттарды, әйелдер мен балаларды айуандықпен өлтіріп кеткендерін көрдім. Бұл айуандық көрініс». Мұндайды көргенде өзін шаққа ұстаған болар, қатал көздерге еріксіз жас та келді. – Мен бұл көріністер жөнінде көп ойландым да, өйткені командирлер мен жауынгерлеріміздің жүрегіне өшпенділік екелді. Бірақ бақытыма қарай олар өшпенділіктің айуандығына барған жоқ. Біздің солдаттар фашизм тырнағынан дүние жүзінің халқын аман алып қалу үшін өздерін құрбан етті. Аға ұрпақтың ұлы ісіне бас иіп ұрпақты жүздеген, мыңдаған ескерткіш пен белгілерді орнатты, егер сөзім дәл келсе, бауырластар зиратын жасады.

Бауырластар зираты! Ол жерде түрлі халықтар мен ұлт өкілдерінің түрлі діни сенімдегі соғыста шейіт кеткендері жатыр. Жер бетіндегі бейбітшілік үшін фашизмге қарсы аяусыз алыспы, өмірлерін қиды. Біз мұражайға барғанда мұрағаттарды көріп, өңгімелер тыңдаймыз, ал бауырластар зиратының басында олардың рухтарына өз еркімізбен тәу етуіміз керек!

Ел арасында немесе басқа елдерге жолаушылап сапарға да көп шығамын. Қай жерде болмайын, сол жердегі бауырластар зиратына баруға тырысамын. Бір жақсысы, зираттың күтілгенін көремін. Басында әрдайым гүлшоқтары тұрады. Өйткені ол жерде адамдар жерленген. Кейбірінде мәңгі алау алаулайды. Бұл дұрыс! Зиратқа жасалған күтімге қарап сол ортаның, халықтың тәлім-тәрбиесі мен мәдениетінің деңгейін байқайсың.

Менің ойымша, соғыс жеңісінің салтанатын тек мәдениет үйлері мен сарайларда ғана өткізбей, сол жеңіске жеткізген жандардың жатқан зиратының басында да өткізу қажет. Бұдан біз төмендеп қалмаймыз, қайта жанымыз тазарады. Азаматтығымыз кеңейеді!» деп Баукең екінші ойын аяқтады.

– Соғыстан қайтпаған солдатты еске алу, оған тәу етіп, құрмет көрсету, оны дәстүрге айналдыруды әрі қарай жалғастырып, іске асыру – жастардың мойнында. Ол – әрбір адамның дегеннің қасиетті борышы, – деп Баукең сөзін аяқтады.

Баукеңмен екінші кездесуім 1978 жылдың мамыр айында болды. Алма-таулық ардагерлердің демалып, өзара қауқылдасып, бас қосатын сүйікті орындары бар. Бұл – Абай атындағы Опера және балет театрының жанындағы сквер. Мұхтар Әуезов мүсінінің жанындағы орындықта екі адамның сөйлескен дауыстары арасынан Баукеңнің даусын таныдым. Әскери тәртіптен қолымды бас киіміме апарып: «Денсаулығыңызды тігелейің, жолдас гвардия полковнигі!» дедім. Әскерилердің әскери рәсіммен амандасқанын Баукеңнің ұнататынын естігенім. Маған бұрылып, көзін күннен көлгейілеп: «Сізге де саулығыңызды тігелейің», деп оң қолын ұсынды. Одан соң қазақты дәстүрмен ана тілімізде сөлемдесуді жалғастырдым. Сөлемімді тағы да тыңдап алып, енді маған сол қолын қоса ұсынып, жайлап өзіне тартып, жанына отыруыма ыңғай білдірді. Маған қарап алып: «Сенің атыңды ұмытыңқырап тұрмын, мәнінше, сенің атың қазақтың аты емес. Басқасы есімде, сен ол кезде подполковник едің, енді қазір мені қуып жеттің». Осыны айтып күліп алды. Жанындағы әңгімелесіп отырған адамға қарап: «Жастар жақсы адымдайды. Маған академияға түсеіме, яғни тағдырыма әсер еттіңіз деген. Ал жас полковник, енді бізге қазір соны айт!» деді бірден.

–1966 жылы академияға түсерде



Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясымен Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округінің шекарасы шегінде Мәдениет ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі аумақтық сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 8-1-тармағына сәйкес және 113-1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасының негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 23 шілдедегі №АСК-24/147 қаулысымен Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылғы 31 тамызға тағайындалды.

Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2025 жылғы 24 шілдеде басталады және 2025 жылғы 5 тамызда сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу кандидаттың барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және 2025 жылғы 10 тамызда сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.

Телефондары: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының құрамы: Калыбаев Шарабан Макустович – **төраға**, Доспанов Танатар Сагалович – **төраға орынбасары**, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – **хатшы, комиссия мүшелері:** Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбеле Алмасқызы, Құлumbaева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.

№144 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Мәдениет ауылдық округі Мәдениет ауылы Қалдан батыр көшесі №11 «А», Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының «Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. Телефоны: 8(724 31) 35-4-90

№144 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Жұбатқанов Бағлан Сапабекұлы – **төраға**, Тажмаханов Әнуарбек Раушанбекұлы – **төраға орынбасары**, Жанибекова Гульжан Жетпісбаевна – **хатшы, комиссия мүшелері:** Байтақов Нұрсұлтан Молдашбекұлы, Дилдабекова Гулнар Мағлұмовна, Жанаева Гүлжанат Кенжебекқызы, Махмедов Ерхан Қойшығұлұлы

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Құқық

44,3 млн теңгені қайтару туралы сот шешім қабылдады

Жалағаш аудандық прокуратурасының ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдау шараларының заңдылығына жүргізген талдау нәтижесінде, жалпы құны 44,3 млн теңгені құрайтын инвестициялық субсидияның мақсатсыз пайдаланылғаны анықталды. Тексеру барысында бір шаруа қожалықтың ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке алу шарты бойынша мемлекеттік субсидия алғанымен, нормативтік талаптарды толық сақтамағаны белгілі болды.



Атап айтқанда, лизинг шартына сәйкес техникаларды кемінде үш жыл пайдалануға міндеттеме алғанымен, бұл талапты бұзып, техникаларды мерзімінен бұрын кері қайтарған. Соған қарамастан белінген субсидия қаражаты өзге мақсаттарға жұмсалған.

Шаруа қожалық өкілдері техникалар техникалық құжаттарда бес жыл бойы өз атына тіркеліп тұрғанын алға тартып, бюджетке қаражатты қайтарудан бас тартқан. Алайда аудан прокуратурасының енгізген қадағалау актісі негізінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан сотқа талап-арыз берілді.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты аталған талап-арызды қарау нәтижесінде мемлекеттік бюджетке 44,3 млн теңге инвестициялық субсидияны қайтару туралы шешім шығарды. Аталған жағдай бюджет қаражатының тиімді және мақсатты жұмсалуына бақылау жасау бағытында прокуратура органдары жүзеге асырған пәрменді және нәтижелі қадағалау қызметінің айқын үлгісі болып табылады.

Жалағаш ауданының прокуратурасы

Бақұл бол, ардақты әріптес

2025 жылы 24 шілдеге қараған түні ардақты әріптесіміз, аудандық полиция бөлімі кезекші бөлімшесінің аға инспекторы кезекшісі, полиция капитаны Ахметов Бердібек Мархабекұлы дүниеден өтті. Аудандық полиция бөлімі уақыи марқұмның ұғайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ахметов Бердібек Мархабекұлы 1981 дылы 18 қарашада Жалағаш ауданында дүниеге келген. 2009-2011 жылдары Қызылорда қаласындағы «Қызмет» колледжінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алған. 2016-2019 жылдары «Болшах» университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алған.

Бердібек Ахметов ішкі істер саласында еңбек жолын 2007 жылы қараша айында бастады. 2007-2008 жылдары облыстық ішкі істер департаментінің патрульді полиция батальонының полицейі 3 ай сынақ мерзімінен өткен. 2008-2010 жылдары аудандық ішкі істер бөлімінің тылмен қамтамасыз ету тобының полицейі және жұрттасуші болып жұмыс жасады. 2010-2015 жылдары аудандық ішкі істер бөлімінің кезекші бөлімшесінің полицейі болып еңбек етті. Ал 2015-2019 жылдары аудандық ішкі істер бөлімінің тылмен қамтамасыз ету тобының қару-жарақ қоймасы менгерушісі және қару шебері болып қызмет атқарды.

Әріптесіміз 2019-2021 жылдары аудандық полиция бөлімі кинологиялық қызмет тобының инспектор кинология болып жұмыс жасады. Ал 2021 жылдың қаңтар айынан маусым айына дейін аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесі ювеналды полиция тобының көмектесте толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы болып еңбек етті. 2021 жылы мамыр айынан өмірінің соңына дейін Жалағаш аудандық полиция бөлімі кезекші бөлімшесінің аға инспекторы кезекшісі болып абыройлы еңбек етті.

Алтына адал азамат саналы ғұмырының 20 жылдан астам уақытын ішкі істер саласына арнап, ел тыныштығын уақытпен санаспай күресті. Жалағаш оның еңбек жолы жас буынға үлгі болды. Бақұл бол, ардақты әріптесі! Сен біздің қадымдаы мәңгі сақталасың!

Жалағаш аудандық полиция бөлімі

Халық қалаулылары елмен бірге

Апта басында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов жұмыс сапарымен ауданға келді. Алдымен халық қалаулылары аймақтағы ірі өндіріс орны күн сәулесінен энергия өндіретін электр станциясының жұмысымен танысты.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов аталған маңызды жобаме таныстырып, 28 МВт қуат өндіретін күн электр станциясының өңір үшін әлеуметтік-экономикалық маңызын атап өтті. Сондай-ақ жобаны жүзеге асырып жатқан компаниямен өріптестікті одан әрі жандандыру бағытында бірқатар бастама қолға алынғанын жеткізді.

Аталған жоба – Жалағаш көнтінің шығыс бөлігінде энергия тапшылығының алдын алу мақсатында жүзеге асқан маңызды нысан. Станцияны «Nomad Solar» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салған. Жобаны жүзеге асыру үшін кент аумағынан жалпы көлемі 164 гектар жер учаскесі бөлінген, оның ішінде күн электр станциясының құрылысы 75 гектар аумақта орналасқан. Жалпы инвестиция көлемі 19 млрд теңгені құрайды. Бүгінде бұл нысанда 19 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жоба ауданның экономикасын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге өз үлесін қосуда.

Халық қалаулылары станцияның жұмысына оң баға беріп, ел игілігіне одан әрі қызмет ететініне сенім білдірді. Сондай-ақ болашақта осындай жаңартылатын энергия көздері арқылы өліміздегі электр энергиясы тапшылығын азайтуға бағытталған жобалардың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Жалағаштықтардың егін егуді, оның ішінде Сыр күрішін баптаудың қыр-сырын меңгеріп, атакәсіп өткені белгілі. Тіпті былтыр аймақта күріштен рекордтық өнім жинап, «Үздік аудан» атанды. Әрине, мәселе жоқ емес, бар. Соңғы жылдары аяқсу тапшылығы өңір диқандарына бірқатар қиындық туғызғаны рас. Алайда жергілікті билік пен аудан шаруалары бірігіп, аталған мәселенің бұнда оң шешімін тапқандай.

Осы орайда ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов ауданға іс-сапары аясында ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлерімен және шаруа қожалықтарының жетекшілерімен кездесті. Кездесу барысында ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелер кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, егін егуді ертартапандыру, егінді уақытылы күтіп-баптау, минералдық тыңайтқыштарды тиімді қолдану, суармалы суды үнемді әрі тиімді пайдалану, өнімді ысырапсыз жинау және нарыққа шығару сынды маңызды мәселелер бойынша пікір алмасты.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағашта атқарылып жатқан агро-сектордағы жұмыстарды атап өтіп, ауыл шаруашылығы саласындағы



көрсеткіштермен таныстырды.

Айта кетейік, биыл аудан бойынша жалпы 37 149 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл күріш көлемі 19 764 гектарды құрап отыр. Сонымен қатар 4 850 гектар жаңа жоңышқа, 8 150 гектар ескі жоңышқа, 800 гектар бидай, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 50 гектар арпа және 5 гектар сұлы егілді.

Биылғы көктемгі егіс жұмыстары «Кең Дала – 2» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, 11 шаруашылыққа жалпы 1,525 млн теңге несие берілді. Бұл – аграрлық секторды қаржылай қолдау бағытында жасалған нақты қадамдардың бірі.

Сонымен қатар шаруашылықтар тарапынан егінді күтіп-баптауға 10 400 тонна минералдық тыңайтқыш пен 22300 литр гербицид сатып алынып, уақтылы пайдаланылуда. Бұдан бөлек 200,2 млн теңгеге 14 ауыл шаруашылығы техникасы жаңадан сатып алынды.

Ауданда инженерлік жүйеге көлтірілген 33016 гектар егістік алқаптың 24 мың гектарына лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілді. Ал биыл қосымша 15 мың гектар алқапқа қайтадан тегістеу жұмыстары жоспарға сәйкес атқарылды.

Қазіргі таңда егін алқаптарына қажетті су көлемі белгіленген кезекпен алынуда. Сондай-ақ аудан бойынша жеке тұрғындардың өз бас-тамасымен бақша және картоп дақылдарын орналастыру үшін 500 гектар жаңадан жер дайындалды.

Ж.АРЫН

Басы 1-бетте

Айтпайын десең...


Жол апаты азаймай тұр

«Адамды темір жейтін заман болады» деген Мөңке бидің нақылына құлақ ассақ дейсің ғой. Бірақ жолға шықса, жүгенсіз кететін жүргізушілердің әсерінен өлімізде қаншама қайғылы жағдай орын алуда. Құзырлы орган өкілдері себеп-салдарына үңіліп, мәселенің алдын алуға әрекет еткенімен, әзірге жол-көлік оқиғаларының тыйылар түрі жоқ. Бұған елдегі жолдарда болып жатқан көлік апаттары дәлел.

32 мыңнан астам жол апаты орын алған

Әлеуметтік желіні аша қалсаң, жол апатына қатысты видеодан көз

ды екен. Адам шығынын қоса есептегенде ел экономикасына 1 трлн теңге шығын келуде. Бұл мәселеге қатысты депутаттар да дабыл қақты.



сүрінеді. Бұған қатысты елдің пікіріне үңілсең, басым бөлігі «жамандықты бөліссең көбейеді, жамандық шақырмай отыр» дегеннен әрі аспайды. Ал автор мұны «жолдағы жұртқа сабақ болсын» деп салып отырған шығар? Міне, біздің көз көлген жағдайдан сабақ алмайтынымызға бұл да бір дәлел сияқты.

Былыр өлімізде 32 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан 41 мыңнан астам адам зардап шеккен. Сорақысы соғ, 1 жылда 2,5 мың адам көлік апатынан көз жұмған. Статистикаға көз жүгіртсек, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 2 есе көп. Бұдан өлімізде жыл сайын жол апаты көбейіп жатқанын байқауға болады.

Жалпы Қазақстанда ай сайын 150-ден астам адам жол-көлік оқиғасы салдарынан көз жұма-

ды. Халық қалаулыларының сөзінше, көбінесе жол апатынан таксидегі жолаушылар зардап шегетін көрінеді. Бұған себеп те жоқ емес, мәселе, оларды әзірге медициналық тексеруден және көліктік бақылаудан өткізу мүмкін болмай отыр. Демалыс режимінің сақталмауынан қайғылы жағдайлар орын алуда. «Қазір такси қызметі ыңғайлы және қолжетімді болғаны рас, бірақ өміріміздің қауіпсіздігі басты назарда болуы керек» дейді депутаттар.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары өлімізде көлік жүргізушілерге заңды әлі де қатайтып, бейнекамераларды көбейтуді ұсынды. Қазір заңға үлкен өзгеріс енгізілмегенімен, өлімізде жол қауіпсіздігін бақылайтын камералар айтарлықтай артты. Бірақ одан жол апатының азайғанын байқамадық.

23 мың адам мас күйінде көлік тізгіндеген

Мына қызықты қараңыз, бұрын жол апаты орын алса, көліктегі жолаушылар немесе жүргізуші медициналық көмекке жүгінбесе, бұл жағдай есепке алынбайтын. Былтырдан бастап көз көлген жол-көлік оқиғасы тіркелетін болды. Құзырлы орган өкілдері жол апатының күрт өсуін сонымен байланыстырады.

Қазір мас күйінде көлік тізгіндегіндер де азаймай отыр. Жол апатына негізгі себеп болатын бұл жағдайға аландамуға тағы болмай-



ды. Мәселен, былтыр 23 мың адамның ішімдік ішіп көлік тізгіндегені анықталыпты.

Биыл алғашқы алты айлықта өлімізде 15 698 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, бұл көрсеткіштің 54 пайызға артқанын байқауға болады. Алты айда 22 346 адам жол-көлік оқиғасынан зардап шексе, оның 955-і қаза тапқан.



6 айда 3 277 құқық бұзушылық анықталған

Жалағаш аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері де жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде уақытпен санаспай жұмыс жасауда. Өткен жылдың алғашқы жарты-жылдығында 885 құқық бұзушылық тіркелген. Биыл 6 айда 3 277 құқық бұзушылық анықталған. Аудан көлемінде құжатсыз автокөліктерін немесе алкогольдік ішімдік ішкен күйде көлік құралдарын басқарғаны үшін және басқа да жол-көлік оқиғаларын жасағаны үшін арнайы кент өкімдігіне қарасты автотұраққа 147 автокөлік қойылған. Оның 19-ы еш құжатсыз басқарғаны, 11-і автокөлікті масаң күйде басқарған. 49-ы жол-көлік оқиғаларын жасаған және 45-і ҚР міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзған. Басқа да баптарды бұзу бойынша 23 автокөлік қойылған.

6 айда 10 жол-көлік оқиғасы орын алған

Жол-көлік оқиғаларын азайту, алдын алу бағытында жалағаштық қырағы полициялар түрлі профилактикалық шаралар жүргізуде. Мәселен осыған дейін «Автобус», «Мотоцикл», «Скутер», «Заңсыз такси», «Қауіпсіз жол», «Құқық тәртіп» және «Жол қауіпсіздігі апталығы» жедел профилактикалық іс-шаралары ұйымдастырылған. Аудандық полиция бөлімі қызметкерлері мұның өз нәтижесін беріп жатқанын айтады.

Биыл 6 айда ауданда 10 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Тарқатып айтсақ, «Самара-Шымкент» тасжолында 1, «Қызылорда-Жалағаш» тас жолында 1, «Жосалы-Жалағаш» тасжолында 1, кент орталығында 4, ауданаралық ішкі тасжолдарда 2 және елді мекендер тасжолында 1 жол-көлік оқиғасы орын алып отыр. Салдарынан 14 адам дене жарақатын алған. Оның 7-еуі – әйел азаматша, 6-ауы – ересек адам және 1-еуі – жасөспірім.

Жоғарыда орын алған жол-көлік оқиғаларын талдасақ, 2 жағдай адам шығынымен аяқталып отыр. Бұл жағдайлар жүргізушілер көлікті басқару кезінде төңкеріліп аударылу салдарынан болған 5 деректі мән-жайына үңілсек, автокөліктер бір-біріне бетпе-бет соқтығысып, салдарынан 11 адам жарақат алған. Үш жаяу жүргіншіні автокөлік жүргізушілері жол бойында қаққан.

Қазір ауданда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бейнекамералар орнатылып, барлығы жұмыс жасап тұр. Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері де жол қауіпсіздігін жіті бақылауға алған. Бізге қаперге алуымыз қажет бір ғана нәрсе бар. Ол – бірінші кезекте қауіпсіздігімізге тек өзіміз ғана жауапты екенімізді сезіну. Сонда ғана мұндай мәселенің алдын алған болар едік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат

комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті

жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2681 Тапсырыс №1247

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru